

**«Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ**  
**«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар ұйымының 2022-2023 оқу жылында**  
**атқарған жұмыстарының мәтіндік есебі**

«Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым;

**Ұйымның мақсаты:** өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу;

**Ұйымның міндеттері:** қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

**Күтілетін нәтиже:**

Әрбір «Жас Ұландықтан»

Отанмүддесі үшін қызмет ететін маңызды қасиеттерді меңгерген, Отанның мүдделерін қорғау жөнінде азаматтық борыш пен міндеттерін орындауға тәрбиеленген, халықтар достығын құрметтейтін, имандылық, адамгершілік, ізгілік, ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрпын негізінде білім алған тұлғаның өсіп шығуы:

- 1) Өз Отанының тарихы мен мәдениетін зерделей алатын, ұлттық және отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді қастерлейтін жастардың көбеюі;
- 2) Оқушылардың мектеп қабырғасында бастап кемел білімге, кенен кәсіпке жақын болуы, сол арқылы Отанымыз – Қазақстанның дамуына, ондағы азаматтық қоғамның тұғырының мығым болуына өз үлесін қосатын шын мәніндегі Отаншыл азаматтардың қалыптасуы;
- 3) Оқушылар өзін-өзі басқара отырып, елжандылыққа, өнерге, білімге, адамгершілікке, сауаттылыққа тәрбиеленеді;
- 4) Оқу-тәрбие жұмысының сапалы жүруіне сынып белсенділері өзінің құқы, міндеті, жауапкершілігі арқылы өз үлестерін қосады;
- 5) Болашақта жан-жақты дамыған, адами құндылықтары бойына қалыптасқан, ел тұтқасын ұстайтын жеке тұлғалар шығады;
- 6) Ойы, тәні, жаны, ісі әсем тұлға шығады;

**Жалпы Ұйым жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:**

- Мектепшілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Конференция, байқау, сайыстарға қатысу;
- Мектептегі, одан тыс мәдени-әдеби, тарихи, әскери-спорттық іс-шараларға қатысу және оларды өткізу;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- Жас Қырандармен жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту;

- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу және белсенділігін артыру.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасына сәйкес Тәрбие жұмысын жоспарлау 8 бағыт бойынша жүзеге асырылды:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Қалыптасқан дәстүрлерге, жұмыс тәжірибесіне сәйкес педагогикалық ұжым білім беру мақсатына сәйкес оқушылардың жеке басының дамуын мақсатты басқару ретінде оқу-тәрбие процесін құрды.

Бірінші міндет-оқушылардың Көпмәдениетті және толерантты құзыреттіліктерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту білім беру және сабақтан тыс жұмыстардың алуан түрлілігі арқылы жүзеге асырылды. Мектеп мұғалімдерінің тәрбие қызметі үш салада жүзеге асырылады: оқу процесінде, сабақтан тыс жұмыстарда және мектептен тыс жұмыстарда. Мектептегі сабақтан тыс іс-шаралар екі бөлікке бөлінеді: жалпы мектеп және сынып өмірі. Дәстүрлі жалпы мектептік істерге келетін болсақ, мектептегі барлық үлкен істер сәтті өтті деп толық қанағаттанушылықпен айтуға болады. Бұл бірінші қоңырау мерекесі, "Мұғалімдер күні", "Денсаулық күні", Қазақстан халқының Тілдер апталығы, Қарттар күні, Күзгі бал, ҚР Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, Наурыз мейрамы, 8 наурыз, оған мектептің барлық оқушылары қатысты. Дәстүрлі Мектеп іс-шараларының сәттілігінің дәлелі-сауалнамада және сауалнамада барлық оқушылар өздерінің жарықтығымен, қызықты мазмұнымен, алуан түрлілігімен, пайдалы білімімен және өміршеңдігімен есте қалған осы істердің әрқайсысын атайды.

Оқушылардың іс-шараларға қатысуға деген ынтасының артуы байқалады, танымдық, зерттеу, шығармашылық, коммуникативтік қызмет жанданады. Қашықтықтан жұмыс түрлері әр түрлі әрекеттерді қамтуға мүмкіндік берді.

Балаларды кез-келген іс-шараны ұйымдастыруға қызықтыру үшін қайталанбау, жаңа формалар мен тәсілдерді қолдану, іс-шараның "чипін" іздеу маңызды. Іс-шараны сәтті өткізу үшін қолданыстағы формаларды білу, осы формаларды әртүрлі мазмұнмен толтыра білу, іс-шараларды ұйымдастыру әдістемесін меңгеру қажет.

Тәрбие іс-шараларының нысандары пайдаланылды:

\* конкурстық бағдарлама,

\* оқу фильмдерін көру,

\* рөлдік ойын,

\* дау,

\* дәрісхана,

\* интеллектуалды ойын,

\* концерт,

\* Флешмобтар

\* Челленджер

\* акциялар

\* көрме,

\* онлайн қойылым,

\* эстафета,

\* тренинг,

\* интернет-жобалар,

\* веб-тур,

\* олимпиадалар

2022-2023 оқу жылында ұйымға қабылданатын оқушылардың мәліметтер базасы жинақталды. Ұйым мүшелерімен, сыныптың Ұланбасылары мен сыныптың белсенділерінің мәліметтері алынды.

Мектеп бойынша «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымында «Жас Қырандар» саны -7, ал «Жас Ұландар» – 16 оқушы. Мектеп бойынша 12-16 қыркүйек күндері аралығында «Жас Ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасына үміткер 3 оқушы сайлау алды үгіт

насихаттарын жүргізді. Мектептің дәлізіндегі «Ұлан ақпаратына» Ұйым Ұланбасы үміткерлері мәліметі мен бағдарламалары ілінді. Сынып жетекшісі мен сыныптың Ұланбасылары мен сыныптас достары атынан үміткерлер туралы пікірлері алынды. 15 қыркүйек күні ұйым мүшелері мектеп оқушылармен ашық кездесіп, өз бағдарламаларымен ой бөлісті.

Мектебімізде өткен Ұланбасы сайлауында сайлаушылар өз дауыстарын беріп, 9-сыныптың оқушысы Султанбекова Айдана сайланды. Ал қалған 2 үміткеріміз мектеп комитетінің Бөлім басыларына сайланды.

қыркүйек айында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасын ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты жиыны өтті.

Мектептің «Жас Ұлан» мектеп комитетінің құрамы сайланды.

«Жас Ұлан» мектеп комитетінің отырысының жоспары жасақталып, бекітілді. Жоспарға сай «Жас Ұлан» мектеп комитетінің 2 отырысы болды.

1 қыркүйек Білім күніне арналған «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны болып өтті. Оған мектептің барлық Жас Ұландары мен Жас Қырандары қатысты.

«Салауатты өмір салтын ұстан!» ұранымен «Денсаулық фестивалі» акциясы ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** мектеп оқушылары арасында түрлі аурулардың алдын алу мен салауатты өмір салтын насихаттау барысында іс – шаралар ұйымдастыру

Қыркүйек айында «Жолдан абай бол» жол акциясы, «Қазақстан – әр ұлттың ақ бесігі» мерекелік іс-шаралар өтті. Жоспарға сай түрлі жұмыстар атқарылды.

Мектептің оқушылары жақсы белсенділікпен қатысып, жақсы нәтиже көрсете білді.

қыркүйек айында Тілдер мерекесіне орай апталық өтті. Апталықта мектеп дәлізіне оқушыларға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде түрлі мақал-мәтелдер жасырылып, сұрақтар қойылды, сынып оқушылары жауап беруге тырысып, тілдер апталығы қызықты өтті.

1 қазан Қариялар күніне орай мектеп оқушыларына қариялардың қоғамдағы орнын, тәлім – тәрбие, өнеге көзі екенін насихаттау мақсатында мектепішілік «Қарттарым- асыл қазынам» тақырыбындағы 1 күндік акциясы ұйымдастырылды. Сонымен қатар ауылдың қарияларына қамқорлық көмек ұйымдастырылып, мектеп әкімшілігі атынан құттықтаулар, концерттік бағдарламалар мен ауласын тазалау жұмыстарын жүргізді. Ата-әжелер мектеп оқушыларына өз тілектерін айтып, ризашылықтарын білдірді.

Қарттарымызға дастархан мәзірі ұйымдастырылды.

Күнбе-күнгі оқушылардың сабаққа қатысының есебі алынып отырылды. Сынып белсенділермен жұмыстар уақытында жүргізіліп, пікірлесіп, сыныптың ахуалын сыныптың Ұланбасы мәлімдеме жасап отырды. Аптаның I күні апталық лездеме өткізіліп, кезекші сыныптардың қорытынды хабарламалары тыңдалып отырылды. Қазан айында мұғалімдер күніне арналған «Ұстазым менің, ұстазым» атты мерекелік концерт. Сонымен қатар «Ұстазға рахмет» атты челлендж өткізілді. «Отбасы – бақыт мекені» атты тәрбие сағаттары жүргізілді.

«Алтын күз» бал кеші өтті сынып оқушылары барлық іс-шараларға белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті, Алтын күз кешінде әдемі –киімдер қолдан жасап, сән көрсетті.

«Мейірімді жүрек» атты қамқорлық акциясы ұйымдастырылды

### Білім күні

Салауатты өмір салтына арналған келесі меркерлер өткізілді:

- Денсаулық күніне арналған жеңіл атлетикалық кросс және спорттық ойындар
- Мини футболдан 5 - 7 сыныптар арасындағы жарыс
- волейболдан жарыс



Қарттар күніне орай «Қарттарым аман сау жүр» тақырыбында меркелік концерт, меркелік дастархан ұйымдастырылды.







1-9 сынып оқушылар арасында «Арайлы алтын күз» мерекесі табиғат аясында өтті



Мәңгілік ел алыптары: Талғат Бегельдинов тақырыбында тәрбие сағаты және көрме ұйымдастырылды.



«Отбасы- бақыт мекені» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылып, тәрбие сағаттары өтті.



Қыркүйек айында Мектеп парламентінің Президенті сайлауы өтті. Сайлаудың бірінші кезеңіне 3 үміткер қатысып мектептің тәрбие жөніндегі орынбасары мен мектеп психологі сұхбат өткізді. Сұхбаттан оқушылар сүрінбей өтіп, сайлауға түсті. Сайлау қорытындысы бойынша 9–сынып оқушысы Султанбекова Айдана мектеп Президенті болып сайланды..

Өзін өзі басқару ұйымының 8 фракция мүшелері сайланды. Оқушыларға Өзін өзі басқару ұйымының мақсат міндеттері толық түсіндірілді.

Мектеп Президентіне үміткер оқушылар




7-сынып оқушысы  
Сағынтай Гүлназ

## Мектеп Президентінің сайлауы



7-сынып оқушысы  
Зұлқарнай Еркежан



9-сынып оқушысы  
Сұлтанбекова Айдана

«Өзін-өзі басқару күні». Ұйым мүшелері бұл күні директор, директор орын басарларының және пән мұғалімдерінің орнына қызмет атқарады. Мектеп президенті кезекті ұйым мүшелері мен жиналыс үстінде пікір алысты Дублер күні ұйымдастырылды. Ұстаздарды құттықтап, мерекелік кеш өткізді





Келеңсіз жағдайды алдын алуда айына бір рет 5-9сыныптар арасында «Мен кімін? Мен қандаймын?», «Өмір бала көзімен» сауалнама алынды «кикілжіңді болдырмау жолдары» тақырыбында өткізіледі.



**25 - қазан «Республика күні» мерекесіне орай өткізілетін «Қыран елім - ҚАЗАҚСТАНЫМ!» атты апталық іс-шаралар жоспары құрылып ісшаралар өткізілді.**

«Патриотизм дауысы» Мемлекетті гимнді жаппай орындау



«Тәуелсіз елім, кең байтақ жерім» патриоттық акциясы шеңберінде мәнерлеп өлең оқу



«Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы» атты кітаптар көрмесі



Республика күніне орай «Қыран елім- Қазақстан» тақырыбында салтанатты жиын өтті.



Күзгі демалыс кезінде балалардың демалысын, бос уақытын ұйымдастыру аясында 7,8,9 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру тақырыбында видео көріп танысты.

Сонымен қатар 7- 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдауға жол» пікірлесу түрінде өтті.Мақсаты:Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көз-қарасын қалыптастыру,өзін-өзі тану аумағын кеңейту.



Қазіргі таңда терроризмнің алдын алып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Терроризм - ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады.

Мектебімізде Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған 2022-2023 оқу жылына арналып іс шаралар жоспары құрылып бекітілді.

Осыған орай біздің мектебімізде төтенше жағдайдың , өрттің және террористік әрекеттің алдын алу мақсатында нұсқаулықтар мен оқу жаттығулары жүргізілді



Терроризммен күрес туралы «Терект қауіпі төңгендегі іс-әрекет» дөңгелек үстел өтті.



«Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында әңгіме сағаты өтті



Сонымен қатар 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдауға жол» пікірлесу түрінде өтті. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көз-қарасын қалыптастыру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту. «Эко Өмір» жас өлкетанушылар, жас экологтар табиғат зертеушілерінің аудандық байқауының жеңімпаздары Зұлқарнай Аян I орын, Султанбекова Махаббат II орын.



«Өмір ағашы. Менің ата-бабаларымның тарихы» тақырыбында аудандық оқушылар сайысына Есет Мөлдір қатысып белсенділік танытты



### Мектепшілік дебат турнирі өтті



### «Әр баланың құқығы бар» сурет байқауы



Аудандық «Бала би» шешендік өнері байқауына мектебімізден оқушылар қатысып белсенділік танытты



**«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» онкүндігіне орай үстел ойындары ұйымдастырылды.**



Балалық шақты қорғау және оң тәрбие мәселелеріне баса назар аударып, «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті



**«Әлеуметтік желінің қоғамдағы ролі» тақырыбында дебаттан турнир өтті**



**Білім беру ұйымдарында балалардың құқықтарын қорғау, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзекті тақырыптарға сынып сағаттары өтті**



**«Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өтті**



«Есірткіні қолданудың алдын алу» тақырыбында іс шаралар жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жоспар сынып жетекші, оқушыларға таныстырылды.

**Мақсаты:** Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру.

**Күтілетін нәтиже:**

1. ЖҚТБ туралы ойларын тиянақтайды;
2. ЖҚТБ итермелейтін себептерді анықтай біледі
3. Салауатты өмір салтын насихаттай алады
4. Өз болашағына сеніммен қарай алады;

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушылары арасында тренинг ұйымдастырылды



«Жемқорлыққа жол жоқ» сурет көрмесі





Желтоқсан айында 8-9 сынып оқушылары арасында «Кибербуллинг деген не?» тақырыбында әңгіме түрінде, слайд көрсетілді. Кибербуллинг салдары қандай кеңестер айтылды.



5-6 сынып оқушылары арасында «Мен және интернет» тақырыбында 21 ғасыр – компьютерлік технологиялар ғасыры, яғни интернет қандай да бір қауіп төндіретіні , сонымен қатар заманауи технологияларды зиян шегу үшін емес, өз игілігіне пайдалану керектігі айтылды.



**16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары құрылды**  
**«Тәуелсіздік теңдігім» кітап көрмесі**



«Тәуелсіздік — ел бақыты!» ашық тәрбие сағаттары. мектепалды даярлық сынып, 1-9-сыныптар арасында өтті.



«Тәуелсіздік белестері» сынып сағаты  
«Тәуелсіз Қазақстан» 1-9 сыныптар, мәнерлеп өлең оқу байқауы ұйымдастырылды.



Мектепалды даярлық сынып, 1-4 сыныптар арасында «Қош келдің, Жаңа жыл!», 5-9-сыныптар арасында ертеңгілік өтті.



А  
Ч  
ра

## «Жаңа жыл» мерекесіне орай түрлі түсті мерекелік кеш ұйымдастырылды



А  
Ч  
ра

**Экологиялық іс-шараларға байланысты «Көшеттер» ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді.**

### **Сынып жетекшілермен жұмыс:**

Сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыстар мына түрде өтеді:

- Барлық 1-9 сынып жетекшілермен жұмыстар әдістемелік нұсқауларға сүйеніп жүргізіледі.

-Әр ай сайын тәрбие ісінің меңгерушісі жанындағы кеңесте сынып жетекшілермен сыныптан тыс өткізілетін жұмыстарды кеңесіп, келісіп отырады

### **Мектеп кітапханасымен жұмыс:**

Тәрбие жұмыстарының негізгі бір бөлігі, оқушылар мен ұстаздардың кітапханамен тығыз байланыста болуы. Сондықтан мектепте өтілетін барлық сыныптан тыс жұмыстардың ұйымдастыру түрі мына түрде болады:

1. Тақырпқа байланысты кітаптар көрмесі.
2. Әр түрлі ойындар әдістемесі.
3. Әр түрлі әдеби кештер.
4. Кітапханалық сабақтар.
5. «Оқуға құштар» мектеп жобасы жұмысы

### **Мектептегі өзін-өзі басқару жұмыстары:**

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмыстары тікелей балалар ұйымының ұйымдастырылуымен өткізіліп отырылады. Осы балалар ұйымымен мектепте «Алтын күз», «Ұстаздар күні», «Ұланбасы сайлау күні», тоқсан сайын мектепішілік «Ұлағат» газеті, «Қарттар мен мүгедектерге көмек» және т.б. жұмыстар

### **Өткізілген шаралардың барлығы әлеуметтік желіге салынды.**

2022-2023 оқу жылындағы жұмысты толық көлемде талдай отырып, оң нәтиже көрсетуде:

1. Азаматтық-патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөлінді.
2. Бірлескен тәрбие іс-шараларын өткізуге ата-аналарды тарту.
3. Оқушылардың әр алуан байқауларға қатысамын деген шығармашылдық қабілеттері байқалады.
4. Рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасын сәтті жүзеге асыру - бес іс-шара республикалық тізілімге енгізілді.

Тәрбие жоспарын табысты іске асыру туралы, Мектептің құрылған тәрбие жүйесінің тиімділігі туралы айта келе, кейбір мәселелерге де назар аудармауға болмайды.

Проблемалық өріс:

1. Сынып жетекшілерінің этиканы, мінез-құлық мәдениетін зерделеуге жеткіліксіз назары.
2. Оқушылардың шығармашылық байқаулардағы белсенділігінің төмендігі.
3. Ата-аналар сабақтан тыс қызметке қатыстырылмайды.
4. Ата-аналар жаппай оқыту жұмысын ұйымдастыруға да назар аудару қажет.
5. Кейбір сыныптардағы жиналыстарға ата-аналардың төмен қатысуы байқалады.
6. Сынып ұжымдары деңгейінде оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының болмауы.

**Кемшіліктерді жою жолдары:**

1. Сынып жетекшілеріне Оқушылардың қиындықтарды жеңудегі табыстылығын ынталандыру әдістерін жетілдіру; жалпы білім беретін сыныптарда әр түрлі интеллектуалды турнирлерге, қызықты пәндік материалдарға көбірек көңіл бөлу.
2. Сынып жетекшілерге оқушылардың шығармашылық қызметін жандандыру.
3. Сынып жетекшілеріне ата-аналарды сабақтан тыс қызметке белсенді түрде тарту.
4. Ата-аналар жиналысын ұйымдастыруға және өткізуге көп көңіл бөлу.
5. 2023-2024 оқу жылында педагог-психологқа ата-аналарға жалпы оқыту жұмысын ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет.
6. Сыныпта өмірді ашық ету және сыныптың ақпараттық парақтары арқылы айына 1 рет өз экскурсияларын, мерекелерін, сынып сағаттарын жариялау.
7. Оқушылардың дербестігін және бастамашылдығын тәрбиелеу, өзін-өзі басқаруға белсенді қатысу үшін олардың көп санын тарту.

#### **Қорытындылар:**

Мақсатқа қол жеткізілді. Жоғарыда өткізілген тәрбие жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп айтуға болады.

#### **Келесі шешілетін өзекті мәселелер:**

- оқушылардың, сынып жетекшілердің, педагогтердің, психологтардың, ата-аналардың, қоғам өкілдерінің тәрбие қызметінің мәселелері бойынша бастамашыл топты ұйымдастыру мәселесі;
  - әр сынып ұжымында және жалпы мектепте Өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырумен байланысты қиындықтарды шешу;
  - мектеп, облыстық және республикалық іс-шараларға қатысқаны үшін, мектеп бойынша кезекшілік және басқа да жетістіктері үшін сынып жетекшілерін, сыныптарды көтермелеу жүйесін әзірлеу;
  - мектепті жарнамалау және оған балалар мен ата-аналарды тарту мақсатында мектептің ақпараттық кеңістігін құру.
1. Балаларды тәрбиелеу саласында педагогикалық ұжымның ғылыми-теориялық деңгейін арттыру.
  2. Жалпы және арнайы мәдениетте оқушылардың жалпы және көркем ой-өрісін кеңейту, эстетикалық сезімдерді байыту.
  3. Басқа адамдармен өзара іс-қимыл кезінде оқушылардың өз мінез-құлқын басқару ауқымын дамыту, үйлесімді тұлғааралық өзара іс-қимыл жағдайларын жасау тәсілдерін меңгеру.

Осы оқу жылында жоспар байынша құрылған жұмыстар өз дәрежесінде ұйымдастырылды.

**«Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ**

**«Жас Ұлан» және «Жас қыран» балалар ұйымының  
2022-2023 оқу жылында  
атқарған жұмыстарының мәтіндік есебі**